


Бекітемін   
Мектеп директоры:  
Л.Ж.Аманжоліева  
« 27 » 08 2021 жылы

Тексерілді  
Тәрбие ісінің орынбасары  
А.Дүйсегауліева   
« 28 » 08 20 жылы

## **ТАҚЫРЫПТЫҚ КҮНТІЗБЕ ЖОСПАРЫ**

Үйірменің түрі: *Шахмат шашка*

Жетекшісі: *Ұлықпанова Альбина*

2021-2022

## ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

**Тақырыптың өзектілігі:** Еліміздің болашағы- ұрпақ тәрбиесінде. Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігімен, білімділігімен талап етеді.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің көрсеткіші оның техника ғылымдарын, математиканы меңгеруіне ықпал ететіні белгілі. Сондықтан оқушылардың логикалық ойлауы қабілетін дамытуда шахмат ойынының алатын орны ерекше. Дарынды балаларға арналған мектеп болғандықтан біз балалардың дарындылығын ашу үшін жағдай туғызуымыз керек.

Шахмат ойыны тез есептеуге жаттықтырады, адамның шығармашылық іздемпаздығын, қиялын оятады, логикалық ойлауға төселдіреді, ой еңбегіне баулиды.

Жастық шағында математика пәнінің мұғалімі болып, кейіннен гроссмейстер атанған Рихард Рети «Жас кезімде менің сүйіп айналысқан екі ісім болды: математика және шахмат. Кейіннен математиканы шахматқа айырбастаған себебім кейбіреуге оғаш көрінуі мүмкін: математикаға қарағанда шахматта нағыз өмір бар», - дейді. Ал данышпан философ Эвальд Ильенковтың 1984 жылы «Наука и жизнь» журналында жарияланған «Мектеп ойлауға үйрету керек» деген мақаласында былайша тұжырымдайды: «Ойлауға үйрету – бұл ең алдымен диалектикаға үйрету... Диалектикалық тұрғыда ойланатын адам диалектикалық тұрғыда ойлана алмайтын адамнан несімен ерекшеленеді? Өзімен - өзі оңаша, «оппонентсіз», «дұрыс» және «бұрыс» жақтарын ой елегінен өткізе білу дағдысымен ерекшеленеді». Ендеше, шахмат та ең алдымен осыған үйретеді емес пе? Шахмат ойынында қарсылас жақтың позициясына ойша ене алмасаң, оның барлық мүмкіндіктерін ескермесең, онда күшті қарсыласыңды жеңбек түгілі, әдемі этюдті де шығара алмайсың. Шахмат – диалектикалық ойлауға үйрететін бірден - бір мектеп.

Балаға шахмат не береді? деген сұраққа жауап беретін болсақ:

- ойлау қабілетін және интелекті дамытады
- үлгерім сапасын 65-70% - өсіреді
- шығармашылықты дамытады
- мінезін қалыптастыруға тәрбиелейді

Шахмат асоциальдық жүріс тұрыстың әрекеттілік профилактикасы болып табылады. Бала көшеден аулақтап, шахмат клубына, үйірге барады және онда өзіне жаңа достар табады және жаңа жетістіктер мен табыстарға жетуге ұмтылады. Ал мұғалімдер мен жаттықтырушылар шахмат әлемінде өзін таба білуге, мақсатты дұрыс қоя білуге және оған жете білуге көмектеседі.

Әрине шахматтың өте тамаша ойын екенін ұмытпауымыз керек, ойлауға ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қоса шахматтан ләззат және эстетикалық рақат алуға, шығармашылыққа және шеберлікке ұмтылуға болады.

**Зерттеудің объектісі:** Жалпы дамуға арналған шахматты оқыту үрдісі

**Зерттеудің пәні:** Шахматты оқытудың оқушының жалпы дамуына әсері

**Зерттеудің мақсаты:** Жалпы дамуға арналған шахматты мектептің оқу-тәрбиелеу үрдісіне енгізу.

**Міндеттер:**

1. Шахматты оқытуды білім беру жүйесіне енгізу бойынша теориялық мәселелерді оқып үйрену
2. Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы білім беру жүйесіндегі алдыңғы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардан алынған білімді жүйелеу
3. Оқушылардың таным процестерінің даму деңгейлерінің диагностикасын әзірлеу
4. Шахматты оқытуды білім беру жүйесіне енгізу және апробациялау. Жалпы дамуға арналған шахмат бойынша әдістемелік нұсқамаларды әзірлеу.

**Болжам:** Егер жалпы дамуға арналған шахматты оқу бағдарламасы жасалынса, онда мектептің оқу-тәрбиелеу үрдісіне енгізіледі де, сол арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға болады.

**Эксперименттің кезеңдері:** Бірінші кезең- «Тәжірибе» 1-ші оқу жылы. Мұндағы негізгі жұмыстар:

- Тәжірибе сыныптарындағы жұмыстар;
- Салыстырмалы қиынды диагностика;
- Мұғалімдер мен кеңесшілер командасын дайындау.

**Екінші кезеңі-** «Жобаның аумағын кеңейту» (Жазғы каникулы кезі)

-Жазғы мектептер- әдістемені електен өткізу, басқа мектептер үшін командалар дайындау.

**Үшінші кезең-** «Әдістемені електен өткізу» (2-ші оқу жылы)

- Бірінші оқу жылының әдістемесімен жұмысты аяқтау;
- Екінші оқу жылына арналған әдістемені әзірлеу

**Экспериментке қатысушылардың құрамы:** мектептің 6-10 сынып оқушылары.

**Болжам.**

Оң нәтижелер:

- ойлау қабілетін және интелекті дамытады
- үлгерім сапасын 65-70% -өсіреді
- шығармашылықты дамытады мінезін қалыптастыруға тәрбиелейді
- Теріс нәтиже:
- мұғалім мен оқушыға жүктеменің өсуі
- оқушыларды оқытудың тұрақты түрткінің керектігі

Күтілетін нәтижелердің бағалау критерийі

Нәтижелілік критерийі:

- оқушылардың білім сапасының өсуі
- білім, біліктілік және машықтардың деңгейінің жоғарылауы

Уақытты жұмсаудың критерийі:

Жоғарыда көрсетілген нәтижелерге жету үшін жұмсалатын уақытты қысқарту

Эксперимент нәтижелерін көрсетудің үлгілері:

- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс туралы есеп

## **МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

### **Шахмат ойыны туралы қарапайым ұғымдар**

Шахмат тарихы. Тақта мен фигуралар. Ойын тәртібін анықтайтын ережелер. Шахмат нотациясы Курделі ережелер Фигуралардың бағасы мен пешкілер Тепе-теңдік жағдайлары Ауыр фигуралармен мат қою Мат қоюға арналған жаттығулар Дебют Үлкен материалдық артықшылықты қолдана білу Король мен пешкіге қарсы

### **Тактика**

Тактикалық тәсілдер Комбинация. Өртүрлі фигуралардың комбинациялық мүмкіншіліктері Идея бойынша комбинациялар тізімі Шахмат есептері Қақпанға түсіру Корольге қарсы шабуыл

### **Шахматтың соңы**

Қарапайым пешкілік аяқталулар Ферзінің пешкіге қарсы күресі Үлкен материалдық артықшылық кезіндегі тепе-теңдіктің кейбір жағдайлары Қарапайым ладьялық аяқталулар Жеңілфигуралық аяқталулар

### **Стратегия элементтері**

Ашық жолдар және 7-ші(2-ш) горизонталь Пешкілік құрылымның күрес барысына әсері

## ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Тақырыптар	Сағат саны	Өтетін уақыты	Ескертпе
1	Кіріспе	2	08.09	
2	Шахмат тарихы. Тақта мен фигуралар. Ойын тәртібін анықтайтын ережелер	2	15.09	
3	Шахмат нотациясы	2	22.09	
4	Ферзімен мат қою	2	29.09	
5	Ладьямен мат қою	2	06.10	
6	Фигуралардың бағасы мен пешкілер	2	13.10	
7	Қарапайым эндшпиль	2	20.10	
8	Өту кезінде алу ережесі	2	27.10	
9	Пешкілердің басқа фигураларға айналуы	2	03.11	
10	Рокировка	2	10.11	
11	Партияны бастау	2	17.11	
12	Дебют	2	24.11	
13	Комбинация	2	08.12	
14	Байлау	2	15.12	
15	Қос соққы	2	22.12	
16	Ашық соққыны бастау	2	29.12	
17	Ашық шах	2	05.01	
18	Уақытқа ферзімен мат қою	2	12.01	
19	Уақытқа ладьямен мат қою	2	19.01	
20	Бір жүрісте мат қою позициясын шешу	2	26.01	
21	Екі жүрісте мат қою позициясын шешу	2	02.02	
22	Шахтан қорғану позициясын шешу	2	09.02	
23	Өту кезінде алу ережесі	2	16.02	
24	Пешкілердің басқа фигураларға айналуы	2	23.02	
25	Рокировка	2	02.03	
26	Партияны бастау	2	09.03	
27	Дебют	2	16.03	
28	Байлау	2	30.03	
29	Қос соққы	2	06.04	
30	Ашық соққыны бастау	2	13.04	
31	Ашық шах	2	20.04	
32	Қос шах қою	2	27.04	
33	Комбинация	2	04.05	
34	Пілді h7(h2)-де құрбандық ету	2	11.05	
35	Ойын сабақ	2	18.05	